

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ**

ГҮЛІСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
КАФЕДРАСЫ**



**МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ
МӘДЕНИЕТІ
(IV курстар бойынша)
пәні бойынша
жұмыстық бағдарлама**

Білім саласы: 100000 – Гуманитар
Оқыту саласы: 110000 – Педагогика
Оқыту бағыты: 5120100 – Филология және тілдерді оқыту
(Қазақ филологиясы)

Жалпы оқу сағаты: 36 сағат
Содан:

Лекция - 6
Практика - 16
Өздік жұмыс сағаты - 14

ГҮЛІСТАН – 2018 жыл

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы Гүлістан мемлекеттік университетінің 2018 жыл, “___”- тамыздағы оқу-әдістемелік Кеңесінде талқыланып, баспаға ұсынған (Хаттама №1).

Жұмыстық бағдарлама Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білімдендіру министрлігі 2018 жылғы 02 ақпан, 32-санды бұйрығымен бекітілген (БД – 5120100-3.03 тізімге алынған) “Тіл білімі теориясы” үлгілі бағдарламасына негізделген.

Құрастырушы:

ф.ғ.к., доцент Д.Т.АЙТБАЕВ – «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті _____ (қолы)

Г.Е.Айтбаева - «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы _____ (қолы)

Пікір білдіруші:

К.Фазылова – ГүлМУ «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасы, аға оқытушысы. _____ (қолы)

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы «Филология» факультеті Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2018 жылғы “___” тамыздағы (Хаттама №1) 1-санды жиналысында бекітілген.

Факультет Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің төрағасы:

_____ **Ф. Ниязов**

Кафедра меңгерушісі:

_____ **Д.Ф.Нурмухамедова.**

Университет

I. КІРІСПЕ

Тіл мәдениетінің тірегі - әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астарласып жататындықтан, «тіл мәдениеті» деген ұғымның аясы кең. Өйткені тілдік нормалар мен тілдің стильдік тармақтарының әдеби тілдің қоғамдық қызметі ұлғаю барысында көп жылдар бойы берік қалыптасқандарға да, жаңадан пайда болғандары да бар.

Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті таңдау пәні талапкерлерді әсемдікке баулиды, сөз маржандарының мағыналық мәнін, көркемдік сәнін игереді, оқу қабілеті артады. Ой шеберлігін, тілдегі сөздерді дұрыс айтқызу, жатық сөйлеттіру, көркем мәтінді нақышына келтіріп оқыту, екінші сөзбен айтқанда оқушыларға дұрыс дем алу техникасын меңгерту, қажетті дауыс болуын таба білуге, тіл мүкістігін болдырмауға жаттықтыруды үйретеді.

I.1. Пәннің мақсаты мен міндеттері

Пәннің мақсаты - дұрыс, тез, көркем оқуға үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру, оқушының тіліндегі әртүрлі кемшіліктерді болдырмау, дем алу аппаратын, даусын жолға қою, дұрыс та анық сөйлеуге үйрету. негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру.

Пәннің міндеті – әдебиет теориясынан басталатын кейінгі тараулар қазіргі лингвистиканың негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. Көркем әдебиет студенттер үшін білім, өнер көзі болумен қатар тәрбие міндетін де атқарады.

I.2. Пән бойынша студенттердің біліміне, дағдысы мен іскерлігіне қойылатын талаптар

Бұл пән бойынша студенттер білім мен дағдыға қойылатын талаптар төмендегілерден тұрады: студенттер мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениетінен алған теориялық білімдерді практика жағынан қаруландыру керек. Сондай-ақ, мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениетін лингвистикалық тұрғыдан теориялық және практикалық жақтан талдай алу және *білу қажет*.

Студенттердің мәнерлеп оқуы мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын бұл пән - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет бере отырып *дағдыға ие болу керек*.

Лингвистикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениетінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі ағым, мектептермен таныстыру, сипаттама, тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы, структуралық, мәнерлеп оқу әдістермен, тілдің өзіндік, таңбалық, жүйелік, структуралық сипаттары мен тілдің даму заңдылықтары, зерттеу әдістері сұрыптап қажетті түрге келтіруді айқындайтын *іскерлікке ие болу керек*.

Бұл пән бойынша студенттерге білім мен дағдыға қойылатын талаптар төмендегідей: Студенттер «Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті» пәнінен алған

теориялық білімдерін практика жағынан қаруландыру керек. Сондай-ақ, мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті пәнін поэтикалық тұрғыдан, олардың жанрлық ерекшеліктеріне қарай талдай алу және білу қажет.

Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті пәнінен бір саласы болып табылатын бұл пән - негізгі ұғымдармен қаруландыру, мәнерлеп оқу мен сөйлеу мәдениетінің қазіргі жайынан мәлімет бере отырып дағдыға ие болу керек.

Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті таңдау пәні – қазақ әдебиетінің түрлері, эпостық жырлары, ақын-жазушылар шығармашылығындағы тәрбиелік мәнге ие туындыларын студенттің сана-сезімін арттыру, дүниеге көзқарасын өзгерту сияқты мәселелерді қарастыратын пән болғандықтан мәнерлеп оқу мен сөйлеу мәдениетінің өзіндік орны бар екендігінен дерек береді.

I.3. Пәннің оқу жоспарындағы басқа пәндермен әдістемелік байланысы

Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті пәні негізгі мамандық пән болып VIII-семестрде өтіледі. Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениетінің басқа ғылымдармен байланысына тоқтағанда, әдебиеттің дербестігі барлығы, басқа ғылымдарға қосымша нәрсе еместігі түсіндіріледі. Мәнерлеп оқу практикумы әдебиет, тіл, көркем әдебиет, музыка, этнографиямен тығыз байланысты.

«Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті» пәнінен теориялық және тәжірибелік жаттығулар өту негізінде студенттерді шығармашылыққа баулу оларды анализ жасау, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, кідірістер, поэзиялық, прозалық, драмалық туындыларды оқу тақырыбында өткізілетін практикалық сабақтарда, мәнерлеп оқу барысында интонация мен дикция, кідірістерге мән беру керектігі тақырыптарда өткізілетін тәжірибе жаттығуларда, әдеби шығармаларды талдаудың принциптерін түсіндіруде ерекше орынға ие.

I.4. Пәнді оқытуда пайдаланылатын заманауи ақпарат және педагогикалық технологиялар

Талапкерлердің «Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті» пәнін меңгеруі үшін оқытудың заманауи методтардан пайдалану жаңа информациялық педтехнологияларды қолдану үлкен маңызға ие. Пәнді меңгерту барысында жаңа методтарды қолдана отырып компьютер технологияларынан, көрнекі құралдардан, үлестірме-нұсқаулардан, оқулық, көмекші және методикалық қолданбалар, лекция мәтіндері, тарқатпа материалдар, электрон материалдар, түрлі көрнекіліктер, перфа карта, проект технологияларынан пайдалану көзделеді Лекция, семинар сабақтарына тиіс үлгілі пед технологиялардан пайдаланылады.

Пәндерден өтілетін тақырыптар және ажыратылған сағаттар саны

Т/р	ТАҚЫРЫПТАР	Сағаттар саны			
	Лекция сабақтары	Жами	Лекция сабақтары	Практикалық сабақтары	Семинар сабақтары
1	Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті курсының мақсаты мен міндеттері	2	2	-	-
2	Оқу техникасы. Интонация және оның құрамы.	4	2	2	-
3	Әдеби тіл, оның тарихы және тіл мәдениеті.	2	-	2	-
4	Әдеби тілдің мәдениеті және оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы.	6	2	4	-
5	Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті және сөзді сазына келтіріп сөйлеу.	4	-	4	-
6	Шешендік өнері туралы.	2	-	2	-
7	Сөз қолдану және сөз қолданудағы стильдік қателер.	2	-	2	-
	Жалпы	22	6	16	-

II. Оқу материалдарының мазмұны.

II.1. Лекция сабақтарының мазмұны.

II.1.1. Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті курсының мақсаты мен міндеттері. (2 сағат). Мәнерлеп оқу курсының міндеттері. Мәнерлеп оқу курсы бойынша жалпы сипаттама. Тақырыбы, идеялық мазмұны. Оқудың идеялық түрлері, сөз оның мағынасы дыбысталу арқылы жандануы. Мәнерлеп оқу – дауысты жай ғана құбылту емес, мәтіннің идеялық мазмұнын сапалы меңгеруден туған дыбыс үйлесімі мен мағыналық екпін, дауыстың әсері, мәнді ырғағы. Мәнерлеп оқу - әдебиеттік оқу сабағының үлесі.

[А1. 3 – 5; А..19-20; А3. 224- 227 ; Қ2. 199 – 208 ; Қ1. 21-22].

II.1.2. Оқу техникасы. Интонация және оның құрамы (2 сағат). Оқу техникасы және оған жаттығудың жолдары. Дыбыстар туралы жалпы мағлұмат. Дыбыстардың жасалуы. Дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені. Дыбыс жасаушы мүшелер, олардың қызметі. Тыныс мүшелері - өкпе, өкпенің дем алудағы, дем шығарудағы қызметі. Мәнерлеп оқудың негізгі тәсілдері. Тыныс, дауыс, екпін, екпіннің дем алудағы, дем шығарудағы қызметі. Дауыс шымылдығы, дауыс шымылдығының бірде керіліп, бірде жиырылып тұруы. Дауыс шымылдығының шығарудағы айрықша рөлі.

Дикция туралы жалпы сипаттама. Интонация және оның құрамы. Мәнерлеп оқу үшін дем алудың дұрыс болуымен қатар дауыстың естілуі, үнділігі, музыкалығы да қажет екендігі. Дауыс айтылуына, құлаққа естілуіне қарай дауыс күші, биіктігі, қарқыны, әуені деп бөлінетіндігі. Екпін туралы түсінік, олардың түрлері, ерекшеліктері. Дауыс кідірісі туралы жалпы түсінік. Кідірістің сөйлем мүшелеріне сәйкес келуі. Кідірістің түрлері, олардың ерекшеліктері. Паузаның түрлері. Интонация туралы түсінік. Интонацияның шешуші және қосалқылық рөлі. Интонацияның

фонетикамен байланысы. Айтылу сазына қарай сөйлем түріне бөлудегі интонацияның рөлі.

[А1. 15 – 30; А.2. 28—40; А3. 233- 241 ; Қ2. 199 – 208 ; Қ1. 24-26].

II.1.3. Әдеби тілдің мәдениеті және оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы (2 сағат). Тілді білу қандай қиын болса, тіл маманы болу одан да қиын. Тек ойы айқын, тілге жетік адамдар ғана қиыннан қиыстырып, әсерлі де дәлді етіп сөйлей алады, жаза біледі. Тілді жақсаы білу, оны дұрыс қолдану талаптары, анау-мынау ғана емес, цивилизация, прогресс, алдыңғы қатардағының бұрын оқып-үйрену арқылы, халық тілі байлықтарына, тілдің ғылыми негіздеріне біршама қанық болу арқылы жетіледі.

Қазіргі заманның білімді, мәдениетті ұлдары мен қыздары тілдік алғашқы тәлім-тәрбиені семья «мектебінен» алады. Онда ананың ақ сүтімен бірге нәрестенің сана-сезімін оятатын үн, әуен, дыбыс, сөз, сөйлемдер біртіндеп оның есіту, көру, сезіну қабілетіне әсер етіп, бойын билейді. Баланың біртіндеп тілі шығады. Тілі шыққан бала ата-ананың, туған-туысқандарының және басқалардың пікір алысу, «әңгіме дүкенін құру» коллективінің тең праволы мүшесіне айналады. Оның сана–сезімі артып, тілдік «мағлұматы» кеңейіп, басқалармен түсінісе алатын кезде, балалар бақашасына барады. Ол да тәрбие берудің үлкен мектебі, онда да баланың тілі ширап, ой-пікірін еркін айта алатындай азамат болады.

[А1.43 – 58; А.2. 111-121; А3. 266-272 ; Қ1. 35 – 37].

II.2. Практикалық сабақтардың мазмұны

II.2.1. Оқу техникасы. Интонация және оның құрамы (2 сағат). Оқу техникасы және оған жаттығудың жолдары. Дыбыстар туралы жалпы мағлұмат. Дыбыстардың жасалуы. Дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені. Дыбыс жасаушы мүшелер, олардың қызметі. Тыныс мүшелері - өкпе, өкпенің дем алудағы, дем шығарудағы қызметі. Мәнерлеп оқудың негізгі тәсілдері. Тыныс, дауыс, екпін, екпіннің дем алудағы, дем шығарудағы қызметі. Дауыс шымылдығы, дауыс шымылдығының бірде керіліп, бірде жиырылып тұруы. Дауыс шымылдығының шығарудағы айрықша рөлі.

Дикция туралы жалпы сипаттама. Интонация және оның құрамы. Мәнерлеп оқу үшін дем алудың дұрыс болуымен қатар дауыстың естілуі, үнділігі, музыкалығы да қажет екендігі. Дауыс айтылуына, құлаққа естілуіне қарай дауыс күші, биіктігі, қарқыны, әуені деп бөлінетіндігі. Екпін туралы түсінік, олардың түрлері, ерекшеліктері. Дауыс кідірісі туралы жалпы түсінік. Кідірістің сөйлем мүшелеріне сәйкес келуі. Кідірістің түрлері, олардың ерекшеліктері. Паузаның түрлері. Интонация туралы түсінік. Интонацияның шешуші және қосалқылық рөлі. Интонацияның фонетикамен байланысы. Айтылу сазына қарай сөйлем түріне бөлудегі интонацияның рөлі.

[А1. 15 – 30; А.2. 28—40; А3. 233- 241 ; Қ2. 199 – 208 ; Қ1. 24-26].

II.2.2. Әдеби тіл, оның тарихы және тіл мәдениеті (2 сағат). Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы - әдеби тіл. Өйткені соңғы –

екшеленген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандарты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, көркем, өткір тіл. Солардың бәрі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік нормалар біршама тұрақталып, жаңа нормалар пайда болды, стильдік жүйелері сараланып, қоғамдық қызметі кеңейді. Солардың бәрін игеріп, игілікті іс-әрекетіне пайдалану кісіні тіл мәдениетіне жетектейді.

Мәдениетті адамның көп қырлы сырының бір көрінісі – тіл мәдениетінің жоғары болуы.

Әдеби тілдің не екенін, оның халық тілінен айырмашылығын, қарым-қатынасы қалай болатынын білмей тұрып, тіл мәдениетінің биік шыңына қол созуға болмайды. Әйткені тіл мәдениетінің қағида, талаптары жазба әдеби тіл мен «ауызша әдеби тіл» дегеннің арақатынасынан пайда болады.

[А1. 31 – 41; А.2. 53-59; А3. 247-261 ; Қ1. 30 – 31 ; 33-35].

II.2.3. Әдеби тілдің мәдениеті және оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы (4 сағат). Тілді білу қандай қиын болса, тіл маманы болу одан да қиын. Тек ойы айқын, тілге жетік адамдар ғана қиыннан қиыстырып, әсерлі де дәлді етіп сөйлей алады, жаза біледі. Тілді жақсаы білу, оны дұрыс қолдану талаптары, анау-мынау ғана емес, цивилизация, прогресс, алдыңғы қатардағының бәрін оқып-үйрену арқылы, халық тілі байлықтарына, тілдің ғылыми негіздеріне біршама қанық болу арқылы жетіледі.

Қазіргі заманның білімді, мәдениетті ұлдары мен қыздары тілдік алғашқы тәлім-тәрбиені семья «мектебінен» алады. Онда ананың ақ сүтімен бірге нәрестенің сана-сезімін оятатын үн, әуен, дыбыс, сөз, сөйлемдер біртіндеп оның есіту, көру, сезіну қабілетіне әсер етіп, бойын билейді. Баланың біртіндеп тілі шығады. Тілі шыққан бала ата-ананың, туған-туысқандарының және басқалардың пікір алысу, «әңгіме дүкенін құру» коллективінің тең праволы мүшесіне айналады. Оның сана –сезімі артып, тілдік «мағлұматы» кеңейіп, басқалармен түсінісе алатын кезде, балалар бақашасына барады. Ол да тәрбие берудің үлкен мектебі, онда да баланың тілі ширап, ой-пікірін еркін айта алатындай азамат болады.

[А1.43 – 58; А.2. 111-121; А3. 266-272 ; Қ1. 35 – 37].

II.2.4. Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті және сөзді сазына келтіріп сөйлеу (4 сағат). Жұрт алдында сөйлеу өте жауапты, әрі қиын жұмыс. «Сөйлей-сөйлей шешен болған» кісілер де кейде үлкенді - кішілі аудиторияға келіп көпшілікке қарап ә деп тіл қатқанда, жүрегі алып-ұшып тұрады. Оның себебі, алдымен, айтайын деген ойымды қатесіз, дұрыс айта аламын ба, тыңдаушылардың менің сөзім қанағаттандыра ма? деген уайым қыстайды, оның үстіне, аузына қадала қарап жауқыраған көп көздердің, әр сөзінді сынай қабылдайтыны белгілі. Ондай мәдениетті аудиторияның үнсіз сұсы сөйлеушіге әсер етпей қоймайды. Көп алдында сөйлеп ысылмаған кісілер ондайда асып-асып, булығып, айтайын деген сөзінен жаңылысып та қалады.

[А1.43 – 58; А.2. 111-121; А3. 266-272 ; Қ1. 35 – 37].

II.2.5. Шешендік өнері туралы. (2 сағат). Қазақ мақалында шешендікті, осылай, шеберлікпен салғастырып бағалайды. Мұнда шешеннің сөзі нысанаға дәл тиетіні жағынан анықтауда терең мағына бар. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан

суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағаналы әрі көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ халқы «шешен» деген атаққа ие еткенде, өз өміріндегі ең қымбатты әрі өткір құралы - тілдің терең сырына, мол байлығына қанық, оны сілкілескенде сілтей білетін, аса дарынды кісілер деп құрметтейді.

[А1. 55 – 71; А.2. 123-161; А3. 282-293 ; Қ1. 39 –44].

II.2.6. Сөз қолдану және сөз қолданудағы стильдік қателер. (2 сағат). Тілдік әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының біразы — тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер.

Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, публицистикалық әдебиетте, көпшілікке арналған лекция, әңгімелерде мол пайдаланады.

Фразеологиялық тіркес — кісінің ойын мәнерлі түрде айту үшін жұмсалатын сөздер тобы. Ондай тіркестер әдетте тұрақты болады. Олар

Қазақ жазушыларының қанатты сөздерді халық тілінен өзгеден алып, өздері жасап қолдануы тегін емес

Сөз қадірін білген кісі аузына ие бола сөйлеуге тиіс. Олар жайдары, жайсаң қалпында да, ашу үстінде де, үйде де, түзде де сыпайыгершілік, ізет дегенді естен екі елі шығармауға тиіс

[А1. 112-120; А.2. 168-175].

III.Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру түрлері мен мазұны

Студенттерге лекция, практикалық сабақтарға дайындықпен келулері және өтілген материалдарды өздігінен орындаулары үшін кафедра оқытушылары тарапынан лекция мәтіндері түзілген (құрастырылған) яғни жаратылған, әрбір студентке берілген материалдардан пайдалану ұсынылады.

Студенттердің пәнді өз бетінше қалай меңгергендері, орындағандары күнделікті, аралық және қорытынды бақылауларда өз көрінісін табады. Сондықтан да рейтинг жүйесінде өздік жұмыстарға арнайы балл ажыратылады, олар КБ, АБ және ҚБ лар құрамына кірітілген яғни енгізілген.

Өзіндік жұмыстар үшін пән бойынша жалпы 14 сағат ажыратылған.

Осы сағаттар шамамен мынадай тәртіппен бөлшектенеді:

- лекция конспектін оқып, дайындалу – 6 сағат.
- практикалық сабақтар бойынша үй тапсырмаларын орындау – 4 сағат.
- коллоквиумға дайындық көру, есеп беру – 4 сағат.

Практикалық сабақтарда теориялық білімдерге арналған тақырыптарға байланысты мәселелерді шешу арқылы пысықталады. “Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті” пәнін терең меңгеру үшін студент пәннің әрбір бөлімі мен тақырыптарын өздігінен үйренулері және лингвистикалық тұрғыдан талдау жасай алулары тиіс, сол арқылы пысықталуы тиіс.

Қалдырылған сабақтарды тапсыру үшін студент сабақ материалдарын даярлап келуі және оқытушының ауызекі сұхбатынан өтуі қажет. Қалдырылған АБ және ҚБ лар белгіленген тәртіп бойынша тапсырылады.

Студенттердің өздік жұмыстарының мазмұны мен мөлшері

Өздік жұмыстарға байланысты тақырыптары	Өздік жұмыстарға тиісті тапсырмалар мен ұсыныстар	Орындалу мерзімдері	Мөлшері /сағаты/
Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті курсының мақсаты мен міндеттері	Мәнерлеп оқу курсы бойынша жалпы сипаттама. Тақырыбы, идеялық мазмұны. Оқудың идеялық түрлері, сөз оның мағынасы дыбысталу арқылы жандануы. Мәнерлеп оқу – дауысты жай ғана құбылту емес, мәтіннің идеялық мазмұнын сапалы меңгеруден туған дыбыс үйлесімі мен мағыналық екпін, дауыстың әсері, мәнді ырғағы. Мәнерлеп оқу - әдебиеттік оқу сабағының үлесі.	1-4- апта	2
Оқу техникасы. Интонация және оның құрамы	Оқу техникасы және оған жаттығудың жолдары. Дыбыстар туралы жалпы мағлұмат. Дыбыстардың жасалуы. Дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені. Дыбыс жасаушы мүшелер, олардың қызметі. Тыныс мүшелері - өкпе, өкпенің дем алудағы, дем шығарудағы қызметі. Мәнерлеп оқудың негізгі тәсілдері. Дикция туралы жалпы сипаттама. Интонация және оның құрамы. Дауыс айтылуына, құлаққа естілуіне қарай дауыс күші, биіктігі, қарқыны, әуені деп бөлінетіндігі. Екпін туралы түсінік, олардың түрлері, ерекшеліктері. Дауыс кідірісі туралы жалпы түсінік. Кідірістің сөйлем мүшелеріне сәйкес келуі. Кідірістің түрлері, олардың ерекшеліктері. Паузаның түрлері. Интонация туралы түсінік.	5-6 апта	3
Әдеби тіл, оның тарихы және тіл мәдениеті Әдеби тілдің мәдениеті және оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы	Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы - әдеби тіл. Өйткені соңғы – екшеленген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандарты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, көркем, өткір тіл. Тілді білу қандай қиын болса, тіл маманы болу одан да қиын. Тек ойы айқын, тілге жетік адамдар ғана қиыннан қиыстырып, әсерлі де дәлді етіп сөйлей алады, жаза біледі. Тілді жақсаы білу, оны дұрыс қолдану талаптары, анау-мынау ғана емес, цивилизация, прогресс, алдыңғы қатардағының бұрын оқып-үйрену арқылы, халық тілі байлықтарына, тілдің ғылыми негіздеріне біршама қанық болу арқылы жетіледі	7-11- апталар	3
Жұрт алдында	Жұрт алдында сөйлеу өте жауапты, әрі қиын	12-16-	

сөйлеу мәдениеті және сөзді сазына келтіріп сөйлеу	жұмыс. «Сөйлей-сөйлей шешен болған» кісілер де кейде үлкенді - кішілі аудиторияға келіп көпшілікке қарап ә деп тіл қатқанда, жүрегі алып-ұшып тұрады	апталар	3
Шешендік өнері туралы Сөз қолдану және сөз қолданудағы стильдік қателер	Қазақ мақалында шешендікті, осылай, шеберлікпен салғастырып бағалайды. Мұнда шешеннің сөзі нысанаға дәл тиетіні жағынан анықтауда терең мағына бар. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағаналы әрі көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Тілдік әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының біразы — тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер. Сөз қадірін білген кісі аузына ие бола сөйлеуге тиіс. Олар жайдары, жайсаң қалпында да, ашу үстінде де, үйде де, түзде де сыпайыгершілік, ізет дегенді естен екі елі шығармауға тиіс.	17-20- апталар	3
Жалпы		20- апта	14

Рейтинг бақылау жүйесі

4.1. Рейтинг бақылау кестесі

Бақылау түрі	Рейтинг бақылаулар /балл/			Жалпы	Саралау /өту/ балы
	1	2	3		
КБ (40 %) соның ішінде:	5	5	5	8	4
КБ (практикалық сабақ)	1	1	2	4	2
КБ (өзіндік жұмыс)	1	1	2	4	2
АБ (30 %)				7	4
ҚорБ (30 %)				7	4
Жалпы:				22	12

КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР

№			Ақпан				Наурыз				Сәуір				Мамыр				Маусым						
			1 - 3	5 - 10	12 - 17	19 - 24	26-3	5 - 10	12 - 17	19 - 24	26 - 31	2 - 7	9 - 14	16 - 21	23 - 28	30 - 5	7 - 12	14 - 19	21 - 26	28 - 31	4 - 9	11 - 16		18 - 23	25 - 30
			22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41		42	43
1	АғБ 40%	Практика			4		4		4			4			4			4					26		

		Өзіндік жұмыс				2			2			4				4							14
2	АрБ 30%	Лекция													19								19
		Өзіндік жұмыс					1			2		2			2		2						11
3	ҚБ – 30%																				30		30
	Жалпы		6			13				12				35				4		30			100
	Жалпы семестр бойынша		6			13				12				35				4		30			100

Ескерту: VIII семестрде оқытылатын “Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті” пәнінің оқу сағаттары 22 сағатты құрайды, бұл пән бір семестрде ғана оқыталатындықтан тек қана күзгі семестрдің оқу көлемі 22 сағатты құрайды, пәннің коэффициенті 1,1 болады. Пән бойынша меңгеруді анықтауда талапкер жинайтын балл 1,1-ге көбейтіріледі және бүтінге айналтырылады.

“Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті” пәні бойынша ағымдағы бақылау талапкердің практикалық және семинар сабақтарын меңгеруін анықтауда қолданылады. Ағымдағы бақылау әр бір практикалық сабақтарда сұрақ-жауап, мысалдарды талдау, жинаған мысалдарды талқылау сияқты формада амалға асырылады. АғБ әр бір практикалық және семинар сабақтарында коллеквиум өткізу, семинар жұмыстарын толық орындап келгендігі, сұрақ-жауап, сұхбат және берілген тапсырмаларды толық орындау негізінде амалға асырылады. Талапкерге АғБ-да бүтін балл қойылады.

Бағалау дәрежесі	Бағалау мөлшері	Рейтинг балы
Үлгілі 86-100%	Тиісті толық теориялық білімге ие болған; тапсырмаларды өз бетінше орындаған; берілген сұрақтарға толық жауап берген; қойылған мақсат пен міндеттерге толық түсінген; аудиторияда өз белсендігін көрсеткен, оқу тәртібі бойынша жұмыс алып барған; тапсырмаларды тәртіп бойынша орындаған.	5

Жаксы 71-85%	Жеткілікті теориялық білімге ие; тапсырмаларды орындаған; берілген сұрақтарға жеткілікті жауап берген; практикалық жұмыстың маңызын толық түсінген, оқу тәртібі жұмысын сақтаған.	4
Қанағат танарлы 55-70%	Тапсырмаларды орындауға әрекет еткен; берілген сұрақтарға жауап беруге әрекеттенген; практикалық жұмыстың маңызын толық түсінген, оқу тәртібін сақтаған.	3
Қанағаттанар -лысыз 0-54%	Талапкер практикалық және семинар сабақтарының тақырыптарына теориялық жағынан дайындалып келмеген; тақырып бойынша ешқандай мысалдар жинай алмаған; берілген сұрақтарға жауап бермеген; сабаққа пассив қатысса білім дәрежесі қанағаттанарлысыз бағаланады.	2

4.3. АрБ-ды бақылау

Аралық бақылау “Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті” пәнінің бірін қамтыған бөлімі бойынша тиісті теориялық, практикалық және семинар сабақтарын өтіп болғаннан кейін жазбаша түрде амалға асырылады.

Мақсат – талапкерлердің тиісті сұрақтарға жауап бере алуы немесе ділгір мәселелерді шеше алу дағдылары мен біліктерін анықтау. Оқу жылының күзгі семестірінде 1 рет аралық бақылау (АрБ) өткізу жоспарланып, оған 30 балл ажыратылған. АрБ бақылау жұмыстары жазбаша немесе тест негізінде өткізілуі белгіленген. Жазба жұмыс пен тест сұрақтары жұмыстық бағдарламаға негізделіп дайындалады. АрБ-ға ажыратылған балдан 55% -тен төмен балл жинаған талапкер сол бақылау бойынша үлгірмеген болып саналады. АрБ бақылауда үлгірмеген талапкерге қайта тапсыру мүмкіндіктері беріледі. АрБ бойынша алынатын тесттер кафедра меңгерушісі басшылығында ұйымдастырылады және кафедрарда оқу жылының соңына дейін сақталады.

4.4. ҚБ-ды бағалау мөлшері

Қорытынды бақылау “Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті” пәнінің барша тақырыптарын қамтиды да, теориялық, семинар және практикалық сабақтарды өтіп болғаннан соң жазбаша түрде амалға асырылады.

Мақсат – талапкердің пән бойынша үлгірім дәрежесі, яғни білім деңгейі немесе проблемаларды шешу дағдылар мен біліктері анықталау. ҚБ бақылау жұмыстары тест негізінде де өткізілуі мүмкін, тест сұрақтары жұмыстық бағдарлама негізінде дайындалады. АрБ мен АғБ-ларға ажыратылған балдан 55%-тен төмен балл жинаған талапкер сол пән бойынша үлгірмеген болып саналады және ҚБ-ға кіруге рұқсат етілмейді. ҚБ-да да үлгірмеген талапкерге қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. ҚБ бойынша алдын ала жазба жұмысы варианттары кафедра меңгерушісі басшылығымен түзіліп ол деканатқа тапсырылады.

5. ӘДІСТЕМЕЛІК-ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР

5.1. НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

№	Авторы, әдебиеттің аты, түрі, баспасы мен жылы, көлемі	Кітапханада -ғы нұсхасы
1.	С.Тілепова, Д.Айтбаев. Мәнерлеп оқу. Ташкент. 2012. 186 бет.	6
2.	М.Балақаев. Тіл мәдениеті. Алматы. 2005. 254 бет	6
3.	М.Балақаев. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Алматы. 1998. 346 бет.	6
	Жалпы	18

5.2. ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

№	Авторы, әдебиеттің аты, түрі, баспасы мен жылы, көлемі	Кітапханада -ғы нұсхасы
1.	Хасенова С., Жексембаева Ғ. Қазақ тілінің стилистикасы. (жаттығулар жинағы). Алматы, 1999. 242 бет.	6
2.	Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. Алматы, 1993. 206 бет.	6
3.	Байқабылов Ө. Қазақ тілі стилистикасы. (оқу қолданба). Ташкент: 2008. 218 бет.	6
4.	М.Балақаев. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Алматы. 1998. 346 бет.	6
5.	Жалпы	24

5.3. ҰСЫНЫЛҒАН ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

№	Авторы, аты, түрі, жылы, көлемі, сақталу жайы, электрондық адресі	
1	Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы. 1991. 256 бет.	
2	Айтбаев Д. Ана тілі мен әдебиеті. (оқу қолданба). Ташкент: 2017. 218 бет.	
3	Мәнерлеп оқу және сөйлеу мәдениеті. Ташкент. 2017. 60 бет.	
4	http://www.gov.uz/ ГүлМУ сайты.	
5	http://www.pedagog.uz/ Педагогикалық оқу орындарының порталы.	

**Жұмыстық оқу бағдарламасына өзгерістер мен қосымшалар
ендіру туралы**

_____ оқу жылы үшін жұмыстық оқу бағдарламасына
төмендегідей өзгерістер мен қосымшалар ендірілген:

Өзгерістер мен қосымшаларды ендірушілер:

(профессор-оқытушылардың аты-жөні)

(қолы)

Жұмыстық оқу бағдарламасына ендірілген өзгерістер мен қосымшалар
“Филология” факультетінің Ғылыми Кеңесінде талқыланған және бекітілген
(2018 жыл “_____” - тамыздағы 1 – санды хаттама)

Факультет Ғылыми

Кеңесінің төрағасы: _____ **Ф.Ниязов.**

